

«АТФБанк» АҚ акционерлерінің
2018 жылғы 20 ақпанында
Кезектен тыс жалпы отырысымен
Бекітілген
№1 (68) хаттама

**«АТФБАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА
№ 3 ӨЗГЕРТУ**

Алматы қ.

«АТФБанк» акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен тыс жалпы отырысында бекітілген (2014 жылғы 26 желтоқсандағы №2 (62) хаттама) «АТФБанк» акционерлік қоғамының Жарғысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1. 4-тармақ келесі редакцияда берілсін:

«4. Банктің атқару органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, пошталық индексі А25D5F7, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғ., 36.»;

2. 120-тармақтың 13) тармақшасы келесі редакцияда берілсін:

«13) Бас комплеанс-бақылаушыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымды кесімді жалақы мөлшерін және сыйақы шарттарын анықтау, сонымен қатар, Бас комплеанс-бақылаушының лауазымдық нұсқаулығын бекіту;»;

3. 201 және 202 тармақтар келесі редакцияда берілсін:

«201. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 73-бабы 4-тармағына сәйкес және соның негізінде Жарғыда жасалуына мүдделік танытылған мәмілелердің жеке түрлерін жасаудың басқа тәртібі белгіленген. Осы тармақта қарастырылған тәртіп Жарғының 202-тармағында көрсетілген мәмілелерге ғана қатысты қолданылады және Директорлар кеңесінің шарттың типтік үлгілерін және (немесе) Директорлар Кеңесінің қарауына Банк жасалуына мүдделік танытқан мәмілелерді жасау туралы мәселені шығарусыз, егер осы сияқты мәміле шарттардың типтік үлгілері және (немесе) типтік шарттар бойынша жасалған жағдайда, мәмілелердің типтік шарттарын алдын ала бекіткенде бекітіледі.

Басқа жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамаларында және Жарғының басқа да қағидаларымен қарастырылған тәртіп қолданылады.

202. Басқаша тәртіп жасалуына мүдделік танытылған келесі мәмілелерге қатысты қолданылуы мүмкін:

1) валюталық нарықтар мен металл нарығында шетел валютасын, сонымен қатар қолма-қолсыз шетел валютасын және құнды металдарды сатып алу және сату;

2) валюталық айырбас операциялары, форвардтық мәмілелер;

3) құжаттамалық операциялар/сауданы қаржыландыру:

а) үлестес тұлғалар (банк) шығарған аккредитивке Банк растамасын қосу;

б) Банк шығарған аккредитивке үлестес тұлғаның (банктің) растамасын қосу;

в) Банк шығарған, расталмаған аккредитив бойынша өтеуді үлестес тұлғаға (банкке) аудару;

г) үлестес тұлғаның (банктің) контр-кепілдігі/конт-аккредитиві бойынша банктік кепілдік/аккредитив шығару;

д) Банктің контр-кепілдігі/конт-аккредитиві бойынша үлестес тұлғаның (банктің) кепілдігін/аккредитивін шығару;

е) үлестес тұлғаның (банктің) аккредитив бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін үшінші банк пайдасына Банктің рамбурсты міндеттеме шығаруы;

ж) Үлестес тұлғаның (банктің) шығарған аккредитиві бойынша құжаттарды диконттау;

з) үлестес тұлға (банк) өкіл/делдал болуы шартында, үлестес тұлғаның (банктің) клиенті пайдасына шығарылған аккредитивке Банктің растамасын қосу;

и) үлестес тұлға (банк) өкіл/делдал болуы шартында, үлестес тұлға (банктің) клиенті пайдасына аккредитив/банктік кепілдік шығару;

4) Банк үлестес тұлға (банк) шығарған аккредитив аясында пост-қаржыландыруды жүзеге асырғанда банкаралық депозиттер (салымдар) және қарыздар үлгісіндегі қаржылық құралдарды алу және беру;

5) Ұйымдастырылған нарықта облигацияларды сатып алу-сату;

6) Депозиттерді қабылдау, банктік шоттарды ашу, жүргізу, жабу, төлем карточкаларын шығару және қызмет көрсету;

7) Банктік шотты ашпай төлемдер мен аударымдар бойынша (ақша аудару шарты).»;

4. 203-тармақ алынып тасталады.

Басқарма Төрағасы



Э. Эспина

қста
көме
1.201
ында
спин
рдым

Утверждены
Внеочередным общим собранием
акционеров АО «АТФБанк»
от 20 февраля 2018 года
протокол № 1 (68)



**ИЗМЕНЕНИЯ № 3
УСТАВА АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «АТФБАНК»**

г. Алматы

Внести в Устав Акционерного общества «АТФБанк», утвержденный внеочередным Общим собранием акционеров Акционерного общества «АТФБанк» (протокол № 2 (62)) от 26 декабря 2014 года), следующие изменения:

1. пункт 4 изложить в следующей редакции:

«4. Место нахождения исполнительного органа Банка: Республика Казахстан, почтовый индекс A25D5F7, город Алматы, Медеуский район, пр. Аль-Фараби, 36.»;

2. подпункт 13) пункта 120 изложить в следующей редакции:

«13) назначение и досрочное прекращение полномочий Главного комплаенс-контролера, определение размера должностного оклада и условий вознаграждения, а также утверждение должностной инструкции Главного комплаенс-контролера;»;

3. пункты 201 и 202 изложить в следующей редакции:

«201. Уставом, в соответствии и на основании пункта 4 статьи 73 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», определен иной порядок заключения отдельных видов сделок, в совершении которых имеется заинтересованность. Порядок, предусмотренный настоящим пунктом, применяется только в отношении сделок, указанных в пункте 202 Устава, и заключается в предварительном утверждении Советом директоров типовых форм договоров и (или) типовых условий сделок без необходимости вынесения на рассмотрение Совета директоров вопроса о заключении сделки, в совершении которой имеется заинтересованность Банка, в случае если подобная сделка совершается по указанным типовым формам договоров и (или) типовым условиям. В иных случаях применяется порядок, предусмотренный законодательством Республики Казахстан и иными положениями Устава.

202. Иной порядок может быть применен к следующим сделкам, в совершении которых имеется заинтересованность:

- 1) покупка и продажа наличной иностранной валюты, а также безналичной иностранной валюты и драгоценных металлов на валютных рынках и рынках металлов;
 - 2) операции валютного свопа, форвардные сделки;
 - 3) документарные операции/торговое финансирование:
 - а) добавление подтверждения Банка к аккредитиву, выпущенному аффилированным лицом (банком);
 - б) добавление подтверждения аффилированного лица (банка) к аккредитиву, выпущенному Банком;
 - в) перевод покрытия в аффилированное лицо (банк) по неподтвержденному аккредитиву, выпущенному Банком;
 - г) выпуск банковской гарантии/аккредитива под контр-гарантию/контр-аккредитив аффилированного лица (банка);
 - д) выпуск аффилированным лицом (банком) гарантии/аккредитива под контр-гарантию/контр-аккредитив Банка;
 - е) выпуск рамбурсного обязательства Банком в пользу третьего банка для обеспечения обязательств аффилированного лица (банка) по аккредитиву;
 - ж) дисконтирование Банком документов по аккредитиву, выпущенному аффилированным лицом (банком);
 - з) добавление подтверждения Банка к аккредитиву, выпущенному в пользу клиента аффилированного лица (банка), при условии представительства/посредничества аффилированного лица (банка);
 - и) выпуск аккредитива/банковской гарантии в пользу клиента аффилированного лица (банка), при условии представительства/посредничества аффилированного лица (банка);
 - 4) получение и предоставление финансовых средств в форме межбанковских депозитов (вкладов) и займов, в том числе при осуществлении Банком пост-финансирования в рамках аккредитива, выпущенному аффилированным лицом (банком);
 - 5) купля-продажа облигаций на организованном рынке;
 - 6) прием депозитов, открытие, ведение, закрытие банковских счетов, выпуск и обслуживание платежных карточек;
 - 7) по платежам и переводам без открытия банковского счета (договор перевода денег).»;
4. пункт 203 исключить.

Председатель Правления



Э. Эспина



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 03 ж. « 03 қазан ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 951140000151
Бастапқы тіркелген күні
1995 ж. « 3 » қараша

«АТФБанк» АҚ акционерлерінің
«26» желтоқсан 2014 жылғы
Кезектен Тыс Жалпы Жиналысында бекітілген
№ 2 (62) хаттама



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 15 ж. « 02 » ақпан
Бұрын 2003 ж. « 3 қазан ТІРКЕЛДІ
БСН 951140000151



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 15 ж. « 02 » ақпан
Бұрын 2003 ж. « 3 » қазан ТІРКЕЛДІ
БСН 345-1900-А 0



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 18 ж. « 16 » 03
БСН 951140000151
№ 345-1900-10
Бастапқы тіркелген күні
1995 ж. « 3 » 11

«АТФБАНК»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ.

СМОТРИТЕ
НА ОБОРОТЕ

1. Жалпы ережелер

1. Бұдан әрі «Банк» деп аталатын «АТФБанк» акционерлік қоғамының (алғаш рет мемлекеттік тіркелген күні - 1995 жылғы 03 қараша) осы Жарғысы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңына, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам туралы» заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалды.

2. Банк атауы, атқарушы органның орналасқан жері және қызмет ету мерзімі

2. Банктің толық атауы:
мемлекеттік тілде: «АТФБанк» акционерлік қоғамы;
орыс тілінде: Акционерное общество «АТФБанк»;
ағылшын тілінде: Joint Stock Company «ATFBank».
3. Банктің қысқартылған атауы:
мемлекеттік тілде: «АТФБанк» АҚ;
орыс тілінде: АО «АТФБанк»;
ағылшын тілінде: JSC «ATFBank».
4. Банктің атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Фурманов к-сі, 100.
5. Банктің қызмет ету мерзіміне шектеу қойылмаған.

3. Банктің заңды мәртебесі

6. Банк заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының (бұдан әрі – Жарғы) және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарының негізінде өз қызметін жүзеге асырады.
7. Банктің ұйымдық-құқықтық нысаны – акционерлік қоғам.
8. Банк окшауланған мүлікке ие, өзінің жеке балансы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде корреспонденттік шоты бар, мөрі, мортанбасы және өз атауы мен тауарлық белгісі (қызмет көрсету белгісі) бар.
9. Банк өз атынан мүліктік және жеке мүліктік құқықтар мен міндеттерді сатып алады және іске асырады; сот органдарында талапкер және жауапкер ретінде сөз сөйлеп, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді іске асыра алады.
10. Банктің қаржылық-шаруашылық қызметі Банктің мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестігі негізінде іске асырылады.
11. Банктің меншік нысаны – жеке.
12. Банк өзінің окшауланған бөлімшелерін – филиалдары мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде ашуға құқылы.
13. Банк немесе мемлекет өздеріне осындай жауапкершілік қабылдаған жағдайлардан басқа кездері, Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ мемлекет те Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
14. Банк акционерлердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк қызметімен байланысты, өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде шығынға ұшырау тәуекеліне барады.
15. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз міндеттемелері бойынша, соның ішінде азаматтардың салымдары бойынша жауап береді.

4. Қызметінің мәні және мақсаттары

16. Банктік қызмет және Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген өзге қызмет Банк қызметінің мәні болып табылады.
17. Банк қызметінің негізгі мақсаттары:

1) банктік қызмет көрсету нәтижесінде табыс табу, бағалы қағаздар нарығында қызмет көрсету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге қызметтерді көрсету;

2) Қазақстан Республикасындағы банк жүйесінің қалыптасуына және әрі қарай дамуына үлесін тигізу.

18. Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Банк банктік және өзге де операцияларды банктік қызмет мәселелерін бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген лицензияға сәйкес жүргізеді.

19. Банк Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және талаптарда, Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген өзге қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

20. Банк депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесіне қатысады.

5. Банктің меншікті капиталы

21. Банктің меншікті капиталы мыналардың есебінен құрылады:

- 1) Банктік жарғылық капиталы;
- 2) резервтік капиталы;
- 3) басқа да резервтерден;
- 4) бөлінбеген табыстан;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен тыйым салынбаған өзге көздерден.

22. Банктің Жарғы капиталы акцияларды сату есебінен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында құрылады және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының 16-бабында белгіленген жағдайларды коспағанда тек ақшамен төленеді.

23. Банктің Жарғы капиталы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы артады.

24. Резервтік капитал банк қызметін іске асырумен байланысты болуы мүмкін шығындарды жабу үшін пайдаланылады. Резервтік капиталды пайдалану туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

25. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес салықтар мен өзге де міндетті төлемдер төленгеннен кейін Банктің меншігінде қалатын, таза пайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешіміне сай Банк қорын құруға және акциялар бойынша дивиденд төлеуге пайдаланылады.

26. Банк қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, депозиторлардың мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақша-кредит жүйесінің тұрақтылығын қолдау мақсатында, ең төменгі резервтік талаптар нормативін қоса алғанда банктік қызмет мәселелері бойынша бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтер мен өзге де міндетті нормаларды және лимиттерді сақтайды.

6. Банк акциялары мен басқа да бағалы қағаздары

27. Банк жай акциялар шығаруға құқылы.

28. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады.

29. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығында бірнеше адамға тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер болып танылады және өзінің ортақ өкілі арқылы, акция куәландырған құқықтарды пайдаланады.

30. Бір түрдегі акция оны иеленуші әр акционерге көлемі жағынан осы түрдегі басқа акцияны иеленушілермен бірдей құқық береді.

31. Бір жай акция бір дауыс құқығын береді. Жай акция акционерге дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, дауыс беруге шығарылған барлық мәселелер шешілген кезде, Банкте таза кіріс болған жағдайда, дивиденттер алу құқығын, сондай-ақ Банк таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

32. Акция акционерлердің акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды сатуы, жазылу немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында өтетін аукционда немесе жазылу немесе ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығында өтетін аукциондарда сату арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында көзделген жағдайларда, Банктің бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін Банк акцияларына айырбастау арқылы орналастырылады.

33. Акционер акцияны немесе Банктің жай акциясына айырбасталатын басқа бағалы қағазды сатып алуға өтінім беру үшін өзіне берілген 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде акциясын немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағазын иесіздендірген кезде, басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес бұл құқық акцияның немесе алдыңғы меншік иесі мұндай өтінім бермеген жағдайда, Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздың жаңа меншік иесіне өтеді.

34. Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған Банк органының орналастыру үшін белгілеген, акцияларды орналастыру бағасы осы акциялар сатылатын ең төменгі баға болып саналады.

35. Акционерлер акцияларды оны орналастыру туралы шешім қабылдаған Банк органы белгілеген, аталған акцияларды орналастырудың бірегей ең төменгі бағасымен басымдылықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алады.

36. Банк акциялары осы орналастыру шегінде жазылу арқылы, акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірдей бағада сатылуы тиіс.

37. Басымдықпен сатып алу құқығымен сатып алынған, Банктің жай акцияларына айырбасталған акциялардың немесе басқа да бағалы қағаздардың ақшасын акционер оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төлейді.

38. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен туынды бағалы қағаздар, опционды және айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

39. Банк шығару, орналастыру, айналдыру және өтеу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленетін өзге де бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

7. Акционерлердің құқықтары мен міндеттері

40. Акционердің:

1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Банк қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Банк акционерлерінің жалпы жиналысында немесе осы Шартта анықталған тәртіппен Банктің қаржы есептілігімен танысуға;

4) Банк тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алуға;

5) Банк акционерлерінің жалпы жиналысында Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидат ұсынуға;

6) Банк органдары қабылдаған тәртіппен сот шешімдеріне қарсылық білдіруге;

7) Банк қызметі туралы жазбаша сұратумен Банкке хабарласуға және сұрату Банкке түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;

8) Банк таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігіне;

9) Банк акцияларын немесе Банк акцияларына айырбасталатын, оның басқа да бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында белгіленген тәртіппен, басымдықпен сатып алуға;

10) Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын өз бетімен немесе басқа акционерлермен бірігіп иеленген кезде, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63 және 74 баптарында көзделген жағдайларда, Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірген шығындарын Банкке өтеуі және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделі мәмілелер жасау (жасалуын ұсыну) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде тапқан табыстарын (кірістерін) Банкке қайтару туралы талаппен сот органдарына жүгінуге құқығы бар.

41. Ірі акционердің де:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақыртудан бас тартқан жағдайда, оны шақырту туралы талап арызбен сотқа хабарласуға;

2) Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналасының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) Директорлар кеңесі отырысын жинауды талап етуге;

4) өз есебінен аудит ұйымының Банкке аудит жүргізуін талап етуге құқығы бар.

42. Банк акционері:

1) акциялардың ақшасын төлеуге;

2) 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Банк тіркеушісіне және осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтерге жасалған кез келген өзгеріс туралы хабарлауға;

3) Қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, Банк туралы немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына және Қазақстан Республикасының өзге заң актілеріне сәйкес өзге міндеттерді орындауға міндетті.

43. Банк пен тіркеуші осы Жарғының 42-тармағы 2) тармақшасында белгіленген талаптарды акционерлердің орындамауынан болған салдар үшін жауап бермейді.

44. Осы Жарғының 40 және 41 тармақтарында белгіленген, акционерлердің құқықтарына шектеу қойылмайды.

8. Дивидендтер төлеу тәртібі

45. Жыл қорытындысы бойынша Банктің жай акцияларына дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады.

46. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы шешім «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде және/немесе Банктің <http://www.atfbank.kz> корпоративтік сайтында, сондай-ақ өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында және өзге интернет-ресурстарында міндетті жарияланған жағдайда, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы. Оған қоса Банк өз қалауына қарай ақпаратты өзге бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға құқылы.

47. Банк дивидендтер төленетіні туралы акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен және мерзімде хабарлайды.

48. Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеуге қатысты басқа мәселелер Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарымен реттеледі.

49. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мерзімділігі акцияларды шығару проспектісінде анықталады.

50. Дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беретін акцияларының басым бөлігімен дауыс берілген жағдайда, Банк акциялары бойынша дивидендтер Банктің ақшасымен немесе бағалы қағаздарымен төленеді.

51. Банк акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге, мұндай төлемге акционердің жазбаша келісімі болған кезде, Банктің жарияланған акцияларымен және шығарған облигацияларымен жүргізілген кезде рұқсат етіледі.

52. Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлене бастаған күннен бір күн бұрын жасалуы тиіс.

Акцияларды сату немесе төленбеген дивидендтері бар акциялар бойынша меншік құқығын кез келген өзге жолмен иеліктен айыру туралы шартта өзгесі көзделмесе, төленбеген дивидендтері бар акцияларды кез келген иеліктен айыру көрсетілген дивидендтерді алу құқықтарын акциялардың жаңа меншік иесіне берумен қатар жүргізіледі.

53. Орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алған акцияларға, сондай-ақ сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналасында Банкті тарату туралы шешім қабылданса, дивиденд есептелмейді және төленбейді.

54. Банк акциялары бойынша дивидендтер төлем агенті арқылы төленуі мүмкін. Төлем агентінің қызметі Банк есебінен төленеді.

9. Банкті басқару

55. Банк органдары:

- 1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Директорлар кеңесінің комитеттері;
- 5) Басқарма жанындағы комитеттер.

10. Акционерлердің жалпы жиналысы

56. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

57. Банк жыл сайын Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналысы кезектен тыс болып табылады.

58. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысуға және ол жерде дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректері негізінде Банк тіркеушісі жасайды. Көрсетілген тізімнің жасалу күні Жалпы жиналыс өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбейді.

59. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және ол жерде дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге кірген тұлға өзіне тиесілі Банктің дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар берілуі тиіс.

60. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есебі бекітіледі;
- 2) Банктің өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі мен Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері анықталады;
- 3) Банк пен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің үндеулері және оларды қарау нәтижелері туралы мәселе қаралады.

61. Директорлар кеңесінің төрағасы Банк акционерлеріне Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасы мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.

62. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдау Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.

63. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Басқарманың орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген уақыт кезеңі ішінде және банк қызметінің мәселелерін бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға жылдық қаржылық есептің берілуіне қарай өткізілуі тиіс.

64. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі жинайды.

65. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Банк органдары Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында белгіленген, Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

66. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе кез келген ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

67. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Банк органдары оның кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы талаптарын орындамаған жағдайда, Банктің ірі акционерінің талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

68. Акционерлердің жалпы жиналысын:

- 1) Банк Басқармасы;
- 2) Жасалған шартқа сәйкес Банк тіркеушісі;
- 3) Директорлар кеңесі;

4) Банктің тарату комиссиясы дайындайды және өткізеді.

69. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу шығындарын Банк көтереді.

70. Алда Жалпы жиналыстың өтетіні туралы акционерлерге кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс берілген жағдайда, жиналыс өтетін күнге дейін кемінде 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын хабарлануы тиіс.

71. Күн тәртібіне банк қызметінің мәселелерін бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның талабымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, пруденциялық және өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында Банктің жарияланған акцияларының санын арттыру туралы мәселе кірген, Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өткен кезде, Жалпы жиналыстың өтетіні туралы акционерлерге кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда, жиналыс өтетін күнге дейін кемінде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын хабарлануы тиіс.

72. Акционерлердің жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарландыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес акционерлерге жолдануы немесе «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттеріне және/немесе Банктің <http://www.atfbank.kz> корпоративтік сайтында, сондай-ақ өзге бұқаралық ақпарат құралдарында және өзге интернет-ресурстарында жариялануы тиіс. Оған қоса Банк өз қалауына қарай ақпаратты өзге бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға құқылы. Банк акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарландыру акционерге жазбаша хабарландыру жолдау арқылы оның назарына жеткізілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысына (Банк қызметкерлерінен, сондай-ақ банк қызметі мәселелерін бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган өкілдерінен басқа) өзге тұлғалар шақыртусыз кірмейді.

73. Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылданған кезде өз акцияларын басқа акционерлердің акцияларымен біріктіру мақсатында Банк тіркеушісіне өтініш білдіруге құқылы. Миноритарлық акционердің өтініш білдіру және Банк тіркеушісінің ақпаратты басқа акционерлерге тарату тәртібі бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі шартта белгіленеді.

74. Акционерлерге жіберілетін, Акционерлердің жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарламада тізбесі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында анықталған мәліметтер болуы тиіс.

75. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу Акционерлердің бастапқы (өтпей қалған) жалпы жиналысын өткізу белгіленген күннен кейінгі күннен ерте белгіленбейді. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы өтуі тиіс болған жерде өткізілуі тиіс. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібі Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауы тиіс.

76. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі құрады және ол жерде талқылауға шығарылатын нақты құрастырылған сұрақтардың толық тізбесі болуы тиіс. Күн тәртібінде кең мағына беретін «түрлі», «өзге», «басқа» тұжырымдамаларды және оларға ұқсас тұжырымдамаларды қолдануға тыйым салынады.

77. Қоғам акционерлеріне Акционерлердің жалпы жиналысы өтетін күнге дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын немесе осы Жарғының 81 бабында белгіленген тәртіппен хабарланған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе Директорлар кеңесі толықтыра алады.

78. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі жиналысқа түскен, қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының басым дауысымен бекітіледі. Өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуіне Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында қоғамының дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін, акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) басым бөлігі дауыс берген жағдайда, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды.

79. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне кірмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

80. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпараттан тұруы тиіс. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда болуы тиіс ақпарат тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарында анықталады.

81. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар жиналыс өтетін күнге дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын акционерлердің танысуы үшін Банк Басқармасының орналасқан жерінде дайын және қол жетімді болуы тиіс, ал акционер сұратқан жағдайда, сұратуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жіберілуі тиіс. Құжаттардың көшірмелерін әзірлеу және құжаттарды жеткізу шығындарын, егер Жарғыда өзгесі көзделмесе, акционер көтереді.

82. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін жиынтығында елу және одан астам Банктің дауыс беруші акцияларын иеленген, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және ол жерде дауыс беру құқығы бар акционерлердің тізіміне кірген акционерлер немесе олардың өкілдері тікелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

83. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес анықталады.

84. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі.

85. Акционер өкілі өзінің Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және ол жерде дауыс беруге берілген өкілеттігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес ресімделген сенімхатты беруі тиіс.

86. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және ол жерде қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді. Банк Басқармасы мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде сөз алуға құқықтары жоқ.

87. Банк қызметкерлерінің мұндай өкілеттігі Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулығы бар сенімхатқа негізделген жағдайда ғана, Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде сөз алуға құқығы бар.

88. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

89. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде, жарияланған уақытта ашылады.

90. Акционерлердің (олардың өкілдерінің) барлығы тіркелген, хабарландырылған және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайдан басқа кездері, Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан ерте ашылмайды.

91. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасын (президиумын), хатшысын сайлайды.

92. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру түрін анықтайды – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша). Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс берген кезде әр акционерде бір дауыс болады, ал шешім қатысушылардың санына қарай қарапайым дауыс басымдылығымен қабылданады.

93. Басқарма мүшелері жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы Банк Басқармасына кірген жағдайлардан басқа кездері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

94. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөздерді тоқтау, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту жөнінде ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

95. Баяндама Акционерлердің жалпы жиналысы регламентінің бұзылуына алып келген немесе осы мәселе бойынша жарыссөздер тоқтатылған жағдайлардан басқа кездері Төрағаның күн тәртібіндегі мәселені талқылауға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне қарсылық білдіруге құқығы жоқ.

96. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

97. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселе қаралып, олар бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.

98. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығына және дұрыстығына жауап береді.

99. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

100. Сырттай дауыс берген кезде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлер тізіміне кірген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

101. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер – жеке тұлға өзінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, қол қояды. Акционердің – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысы қол қойып, заңды тұлғаның мерімен куәландырылуы тиіс.

102. Дауыстарды есептеген кезде акционер бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берілуі тиіс нұсқалардың бірі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыс саны есепке алынады.

103. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру төмендегі жағдайлардан басқа кездері, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда, бір акционерге берілген акциялар бойынша ең жоғарғы дауыс санына шектеу қойылған;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлаған кезде жиынтықты дауыс берілген;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудегі рәсімдік сұрақтар бойынша бір дауыстан берілген.

104. Іштей тәртіппен өткізілген, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен өткен жағдайда, осындай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әрі осы тармақта – іштей жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер) жасырын тәсілмен дауыс берілетін әр жеке сұрақ бойынша жеке-жеке жасалуы тиіс. Бұл ретте іштей жасырын дауыс беру бюллетенінде мыналар болуы тиіс:

1) Мәселенің тұжырымдамасы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік саны;

2) мәселе бойынша «иә», «қарсы», «қалыс қалды сөздерімен өрнектелген дауыс беру нұсқалары, немесе Банк органдарына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

105. Акционер бюллетеньге қол қоюға, соның ішінде Банкке Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қою мақсатында өзі ниет білдірген жағдайларды қоспағанда, акционер іштей құпия дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды.

106. Іштей құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санаған кезде дауыс берушінің бюллетеньде көрсетілген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берілетін нұсқалардың бірі ғана белгіленген мәселе бойынша дауыстары есепке алынады.

107. Акционердің дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда, Жалпы жиналыс хатшысы хаттамаға тиісті жазбалар енгізуге міндетті. Бұл ретте акционер өзінің ерекше пікірін Жалпы жиналыс өтетін күні Алматы уақытымен сағат 18.00 дейін жазбаша түрде беруге міндетті.

108. Дауыс беру нәтижелері бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру хаттамасын жасайды және оған қол қояды. Дауыс беру нәтижелері жөніндегі хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс. Дауыс беру нәтижелері барысында дауыс берілген Акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

109. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру нәтижелері немесе сырттай дауыс беру нәтижелері «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде және/немесе Банктің <http://www.atfbank.kz> корпоративтік сайтында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес өзге де бұқаралық ақпарат құралдары мен өзге интернет-ресурстарында жариялау арқылы немесе Акционерлердің жалпы жиналысы қабылданғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде әр акционерге жазбаша хабарлама жіберу

арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі. Оған қосымша Банк өз қарауына қарай ақпаратты өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

110. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалуы және оған қол қойылуы тиіс. Хаттамада көрсетілетін міндетті мәліметтер тізбесі және оған қол қою тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарында анықталады.

111. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру нәтижелері туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және ол жерде дауыс беру, сондай-ақ хаттамаға қол қою құқығына берілген сенімхаттармен және хаттамаға қол коюдан бас тарту себептеріне берген жазбаша түсініктерімен бірге тігіледі.

112. Осы Жарғының 111 тармағында көрсетілген құжаттарды Басқарма сақтауы және акционерлердің танысуы үшін кез келген уақытта беруі тиіс. Акционердің жазбаша талабы бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

113. Мына мәселелер Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатады:

1) Банк Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған жасалған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарқату;

4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) Бір түрдегі орналастырылған акцияларды акцияның екінші түріне айырбастау жөнінде шешім қабылдау, осындай айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау;

8) Санақ комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, олардың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Банкке аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

10) Жылдық қаржылық есепті бекіту;

11) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындағандары үшін оларға сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен талаптарын анықтау;

12) Банктің есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

13) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

14) Банк акцияларын ерікті түрде биржа тізімінен шығару туралы шешім қабылдау;

15) Банктің өзге заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы не Банкке тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғаларды қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығару туралы шешім қабылдау;

16) Банктің акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлау нысанын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына - «Егемен Қазақстан», «Қазақстанская правда» газеттеріне және/немесе Банктің <http://www.atfbank.kz> корпоративтік сайттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес өзге де бұқаралық ақпарат құралдары мен өзге интернет ресурстарына орналастыру туралы шешім қабылдау. Оған қосымша Банк өз қарауына қарай ақпаратты өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы;

17) Банк Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес акцияларды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында сатып алған кезде, олардың құнын анықтау әдістемесіне жасалған өзгерістерді бекіту (құрылтайшылар жиналысында әдістеме бекітілмеген болса, әдістемені бекіту);

18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) Акционерлерге Банк қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

20) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында және (немесе) Банк Жарғысында Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

114. Осы Жарғының 116 бабы 1)-4) және 17) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешім Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады. Білікті көпшілігі – Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының кемінде төрттен үш бөлігі дегенді білдіреді.

115. Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелері бойынша шешім Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында және (немесе) Банк Жарғысында өзгесі белгіленбесе, дауыс беруге қатысатын, Банктің дауыс беруші акциялары жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

116. Шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында және Қазақстан Республикасының өзге заңнама актілерінде өзгесі көзделмесе, Банктің басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне берілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің Акционерлердің жалпы жиналысында қарауға бастама көтерген, Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

117. Акционерлердің жалпы жиналысының Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының қандай да бір шешімдерін жоюға құқығы жоқ.

118. Жасалуына Банк мүдделі мәмілені жасауы туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мұндай мәміленің жасалуына мүдделі емес акционерлердің көпшілік дауысымен қабылданады.

11. Директорлар кеңесі

119. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында және (немесе) осы Жарғыдан Банк акционерлері жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімін қоспағанда, Банк қызметін жалпы басқарады.

120. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында және (немесе) Банк Жарғысында өзгесі белгіленбесе, мына мәселелер Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын және Банкті дамыту стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда Банкті дамыту жоспарын бекіту;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) Акцияларды орналастыру (сату), соның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) Банктің ағымдағы жылға арналған қаржы жоспарын (бюджетін) бекіту;

7) Банк облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару жөнінде шешім қабылдау;

8) Басқарманың сандық құрамын, Басқарманың өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Басқарма туралы ережені бекіту;

9) Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбек ақы төлеу және сыйлықақы беру талаптарын анықтау;

10) Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерін сайлау және осындай комитеттер туралы ережелерді бекіту;

11) Ішкі аудит бөлімшесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит бөлімшесінің жұмыс тәртібін, оның қызметкерлеріне төленетін еңбек ақы және сыйлықақы мөлшері мен талаптарын анықтау, сондай-ақ Ішкі аудит бөлімшесі туралы ережені бекіту;

12) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттігі мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшері мен сыйақы төлеу талаптарын анықтау, Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту;

13) қаржы есептілігіне аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банк акцияларының төлемі ретінде берілген немесе ірі мәміле мүлкі болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалауда бағалаушының қызмет ақысының мөлшерін анықтау;

14) Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарын және Банк қызметін реттейтін өзге құжаттарын (Басқарманың Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдаған құжаттарын қоспағанда), соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: операция жүргізудің жалпы талаптары жөніндегі ережені; ішкі кредиттік саясат туралы ережені; аукциондар мен Банктің бағалы қағаздарына жазылу талаптары мен тәртібін белгілейтін корпоративтік нормативтік құжатты бекіту;

15) Банк филиалдары мен өкілеттіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олардың өзгерістері мен толықтыруларын қоспағанда, олар туралы ережелерді бекіту;

16) Басқа заңды тұлғалар акцияларының 10 (он) және одан астам пайызын (жарғы капиталына қатысу үлесімен) Банктің сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

17) Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын, акцияларының (жарғы капиталына қатысу үлесімен) 10 (он) және одан астам пайызы Банкке тиесілі заңды тұлғаның қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

18) Банк міндеттемелерін Банктің меншікті капитал мөлшерінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын көлемге арттыру;

19) Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты қызметтік, коммерциялық, банктік немесе өзге заңмен қорғалатын құпия ақпарат ретінде анықтау;

20) Мәмілелер, соның ішінде ірі мәмілелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің осы Жарғысында және/немесе Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен, жасалуына Банк мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

21) Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сай тиісті негіздемелер болған кезде Банкті қайта құрылымдау туралы бастамалық шешім қабылдау;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарына сәйкес, Банктің қызметін және оның қаржылық жағдайын бақылауды ұйымдастыру, Банкте тәуекелдерді басқарудың, ішкі бақылаудың тиімді жүйелерін қалыптастыру мен ұйымдастыруды бақылау;

23) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында, және (немесе) Банк жарғысында, Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарында қарастырылған, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатпайтын өзге мәселелер.

121. Директорлар кеңесі бір қарыз алушы/үлестес компаниялар тобы үшін кредиттеу мәселелері бойынша уәкілеттіктер лимитін белгілейді, оның аясында Банктің уәкілетті органы Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуынсыз шешім қабылдауға құқылы, оған заң актілерімен қарастырылатын мәселе бойынша шешім қабылдау Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне жатқызылатын жағдайлар кірмейді. Осы лимиттен асып кеткен жағдайда, банктік қызметті бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарымен белгіленген талаптарға сәйкес, кредиттеу мәселесі Директорлар кеңесінің қарауына жіберіледі.

122. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейінде мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, соның ішінде Банк меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік танытылатын мәмілелерді жүзеге асыру кезінде теріс пайдаланушылықты қадағалауы және мүмкіндігінше жоюы тиіс;

2) Банктегі корпоративті басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауы тиіс.

123. Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне жататын мәселелер Банк Басқармасының шешуіне жіберілмейді.

124. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Банк басқармасының күзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келмейтін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

125. Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешімді қабылдау Директорлар кеңесі мүшелерінің дауысқа салуға қатысатын жалпы санының білікті басым даусымен жүзеге асырылады.

126. Директорлар кеңесінің сандық құрамы, уәкілеттіктер мерзімі, оның мүшелерін сайлау және уәкілеттіктерді уақытынан бұрын тоқтату Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен анықталады.

127. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, акционерлердің кумулятивті дауысқа салуымен жүзеге асырылады, оған Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір кандидат үміткер болған жағдай кірмейді. Кумулятивті дауысқа салу бюллетенінде келесі бағандар болуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидаттар тізімі;
- 2) акционерге тиесілі дауыстар саны;
- 3) Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат үшін акционер берген дауыстар саны.

Кумулятивті дауыс беру бюллетеніне «қарсы» және «қалыс қалды» дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

Акционер өзіне тиесілі дауысты толығымен бір кандидатқа беруге немесе оларды бірнеше Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидаттар арасында бөлуге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланды деп есептеледі. Егер екі және одан көп кандидат бірдей дауыс санын жинаса, бірдей дауыс санын жинаған кандидаттарды көрсете отырып, кумулятивті дауысқа салу бюллетеньдерін ұсыну арқылы, осы кандидаттарға қатысты қосымша кумулятивті дауысқа салу жүргізіледі.

128. Директорлар кеңесінің мүшесі жеке тұлға ғана бола алады.

129. Директорлар кеңесі мүшесінің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес, өзіне жүктелген функцияларды өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

130. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционерлер – жеке тұлғалардан;
- 2) акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалардан;
- 3) Банк акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалардан сайланады.

131. Басқарма Төрағасынан басқа оның мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар Кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

132. Директорлар кеңесінің сандық құрамы кем дегенде 3 (үш) мүшеден тұруы тиіс. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызын құрауы тиіс.

133. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленеді.

134. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар сан рет шектеусіз қайта сайлана алады.

135. Директорлар Кеңесінің уәкілеттіктер мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады.

136. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

137. Директорлар кеңесі мүшесі өзінің бастамасы бойынша өкілеттіктерін тоқтатқан жағдайда, ол осы жайт жөнінде Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері осындай хабарламаны Директорлар кеңесі алған сәттен бастап тоқтатылады.

138. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында болатын кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері жалпы алғанда Директорлар кеңесі өкілеттіктері мерзімінен аяқталуымен бір уақытта аяқталады.

139. Директорлар Кеңесінің төрағасы ашық дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының басым дауысымен оның мүшелері құрамынан сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесі төрағасын қайта сайлауға құқылы.

140. Директорлар Кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Банк Жарғысымен анықталған өзге функцияларды жүзеге асырады.

141. Директорлар Кеңесінің төрағасы Банк қызметіне байланысты мәселелерді шешу үшін Банк қызметкерлері құрамынан жұмыс тобын құру туралы шешім қабылдауға құқылы.

142. Директорлар Кеңесінің төрағасы қызметінде болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі жүзеге асырады.

143. Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Ішкі аудит бөлімшесінің;
- 3) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талабы бойынша шақыртылуы мүмкін.

144. Директорлар Кеңесінің отырысы қажеттілік бойынша кез келген уақытта, бірақ та жылына кем дегенде төрт рет өткізілуі мүмкін.

145. Директорлар Кеңесінің отырысын шақырту туралы талап Директорлар Кеңесінің төрағасына Директорлар Кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы ұсынылады.

146. Директорлар Кеңесінің төрағасы Директорлар Кеңесінің отырысын шақыртудан бас тартқан жағдайда, бастамашы жоғарыда көрсетілген талапты Директорлар Кеңесі отырысын шақыруға міндетті Басқармаға ұсынуға құқылы.

147. Директорлар Кеңесінің отырысы Директорлар Кеңесінің төрағасымен немесе Басқармамен Директорлар Кеңесінің отырысын шақырту туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыртылуы тиіс. Директорлар Кеңесінің отырысы отырыстын шақыртылуын талап ететін тұлғаны міндетті шақырумен өткізіледі.

148. Директорлар Кеңесі отырысының өткізілетіндігі жөніндегі хабарламаны Директорлар Кеңесі мүшелеріне жіберу тәртібі Директорлар Кеңесімен анықталады.

149. Директорлар Кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар Кеңесі отырысына қатыса алмайтындығы жөнінде Басқарманы алдын-ала хабардар етуге міндетті.

150. Директорлар Кеңесі отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым басымдығын құрайды.

151. Егер Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыртуға міндетті. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері осындай кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақырту туралы шешімді қабылдауға құқылы.

152. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелері дауыстарының қарапайым басымдығымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар Кеңесі төрағасының немесе Директорлар Кеңесі отырысында төрағалық еткен тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

153. Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырысты өткізу туралы шешімді қабылдауға құқылы.

154. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері келіскен жағдайда, Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдерді қабылдауға құқылы. Бюллетеньдерде көрсетілген мерзімдерде алынған кворум болған жағдайда, сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім қабылданды деп есептеледі.

155. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі (таратылады). Дауыс беру үшін, соның ішінде Директорлар кеңесінің дауыс беру нәтижесіне ықпал ету мақсатында бюллетеньдерді Директорлар Кеңесінің жекелеген мүшелеріне іріктеп жіберуге (таратуға) рұқсат берілмейді.

156. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі және күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша материалдар Директорлар Кеңесі отырысын өткізу күніне кем дегенде 3 (үш) күнтізбелік күн калғанда Директорлар кеңесі мүшелеріне ұсынылады.

157. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі қол қоюы тиіс.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі тиіс және Директорлар кеңесінің хатшысы мен Төрағасы қол қоюы тиіс. Шешімді ресімдеген күннен бастап ол 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде осы шешімнің қабылдануына негіз болған бюллетеньдермен қоса, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жеткізілуі тиіс.

158. Күндізгі тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысты өткізген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Директорлар кеңесі отырысында төрағалық еткен тұлға мен хатшы әзірлеген және қол қойған хаттамамен ресімделеді. Хаттамада көрсетілген міндетті мәліметтер тізімі және оған қол қою тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Жарғымен және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарымен анықталады.

159. Директорлар Кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұзу болып саналатын Директорлар кеңесі шешіміне қарсы дауыс берген Директорлар Кеңесінің мүшесі сот тәртібінде оны даулауға құқылы.

160. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Барлық акционерлерге әділ қарап, өз шешімдерін Банк мүддесі үшін қабылдауы тиіс.

2) Ақпараттылық, айқындылық, қоғам мен оның акционерлері мүддесі негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, жарғыға және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарына сәйкес әрекет етуге тиіс.

12. Директорлар Кеңесінің комитеттері

161. Өте маңызды мәселелерді қарастыру және Банктегі Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындау үшін Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

162. Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарастырады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарымен қарастырылған өзге мәселелер.

Осы тармақта қарастырылған мәселелерді қарастыру Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзіретіне жатқызылуы мүмкін.

163. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы талап етілетін немесе Директорлар кеңесінің пікірінше, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат етілген болып саналатын кез келген өзге комитетті құруға құқылы.

164. Директорлар кеңесі комитеттерін құру кезінде Директорлар кеңесі мүшелері қақтығысының орын алуына жол бермейді.

165. Директорлар кеңесі комитеттері Директорлар кеңесі мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеуге қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылардан тұрады.

166. Директорлар кеңесі комитетіне Директорлар кеңесінің мүшесі басшылық етеді. Осы баптың 165 тармағы бірінші бөлігі 1)-4) тармақшаларында қарастырылған мәселелерді қарастыру функцияларын атқаратын Директорлар кеңесі комитеттерінің басшыларына (төрағаларына) тәуелсіз директорлар жатады. Өзге комитеттердің басшысы (төрағасы) тәуелсіз директор, сондай-ақ Басқарма Төрағасынан басқа, Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

167. Басқарма төрағасы Директорлар Кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

168. Директорлар кеңесі комитеттерін құру мен жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекіткен осындай комитеттер туралы ережелермен белгіленеді.

169. Директорлар кеңесі жүктелген міндеттерді тиімді орындау мақсатында, тәуекелдерді басқаруды, аудит мәселелеріне мониторинг жасауды және бақылауды, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Директорлар кеңесінің комитеттері арқылы Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауды жүзеге асырады.

13. Басқарма

170. Басқарма Банктің алқалық атқарушы органы болып табылады, ол Банктің ағымдағы қызметіне жалпы жетекшілік етеді және оның жұмысының тиімділігі үшін жауап береді.

171. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

172. Басқарма Директорлар кеңесімен сайланатын Басқарма мүшелерінен тұрады. Басқарма төрағасы Басқарма мүшесі болып табылады.

173. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» заңының талаптарына сәйкес, басқарма мүшелерінің саны кем дегенде 3 (үш) адамды құрауы тиіс.

174. Басқарманың сандық құрамы, өкілеттіктер мерзімі, Төрағаны және төраға мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшері және еңбек төлемі мен сыйлық ақы жағдайлары Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы ережелерін және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарын ескере отырып, Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

175. Акционерлер және Банктің акционері болып табылмайтын Банк қызметкерлері Басқарма мүшесі бола алады. Басқарма құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы заңнамасында және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарында белгіленеді.

176. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары және міндеттері Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» заңымен, Қазақстан Республикасының өзге заң актілерімен, осы Жарғымен, Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ Басқарма мүшесі мен Банк арасында жасалған еңбек шартымен анықталады.

177. Басқарма төрағасымен жасалатын еңбек шартына Банк атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Жалпы жиналыс немесе Директорлар кеңесі уәкілеттеген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

178. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Басқарма мүшесі атқарушы органның басшысы немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органы функциясын дара жүзеге асыратын тұлға қызметін атқармауы тиіс.

179. Басқарма заңмен, осы Жарғымен және Банктің өзге корпоративтік нормативтік құжаттарымен Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне жатпайтын Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

180. Басқарманың негізгі міндеттеріне Банктің пайдалылығын және бәсеке қабілеттілігін ұлғайтуға бағытталған саясатты жүргізу, оның тұрақты қаржылық-экономикалық жағдайын қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру және ұйымдастыру, акционерлер құқығын қорғау, олардың инвестицияларының тиімділігін қамтамасыз ету, Жарғымен және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарында анықталған Банктің өзге мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру жатады.

181. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Банк Басқармасы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) Директорлар Кеңесінің комитеттерімен қарастырылуы тиіс мәселелерді қоспағанда, егер басқа жағдай Қазақстан Республикасы заңнамасында және Банктің Басқармасы туралы ережеде қарастырылмаса, Акционерлердің жалпы жиналысы және/немесе Директорлар кеңесі қарастыруы тиіс сұрақтарды алдын-ала талқылайды;

3) Банктің қаржылық жоспарын (бюджетін) қарастырады және алдын-ала мақұлдайды;

4) Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарымен анықталған өз құзіреті шегінде Банктің корпоративтік нормативтік құжаттардың жобаларын қарастырады және бекітеді, оларға өзгертулерді және/немесе толықтыруларды қарастырады және бекітеді;

5) жылжымайтын мүлікті (кепілге қойылған мүліктің меншікке айналуын қоспағанда), жерді пайдалану құқығын (Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларда), нысандардың аяқталмаған құрылысын (құрылыс материалдарының жиынтығы түріндегі), құрылысқа үлестік қатысу шарты бойынша талап ету құқықтарын, автокөлік құралдарын сатып алу және /немесе шеттету туралы шешімді қабылдайды, оған осындай шешімдерді қабылдау

Директорлар кеңесінің немесе Акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жататын жағдайлар кірмейді;

6) Банк мүлкін 3 (үш) жылдан астам мерзімге уақытша пайдалануға беру туралы, мерзіміне тәуелсіз, өзге ауыртпалықтар туралы шешім қабылдайды, оған осындай шешімдер Директорлар Кеңесінің немесе Акционерлердің жалпы жиналысының, немесе Банктің кредиттеу саласындағы өзге уәкілетті органдарының құзіретіне жататын жағдайлар кірмейді;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасында, Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарында қарастырылған тәртіпте және талаптарда тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шешімді қабылдайды, оған осындай шешімдерді қабылдау Директорлар Кеңесінің немесе Акционерлердің жалпы жиналысының, немесе Банктің өзге уәкілетті органдарының құзіретіне жататын жағдайлар кірмейді;

8) осы Жарғының 184 тармағының 5) – 7), 15) тармақшаларында қарастырылмаған кез келген өзге мәмілелерді Банктің жасауы туралы шешімді қабылдайды, оған кейбір мәмілелер кірмейді, өйткені олар бойынша шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне немесе Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарымен анықталған өзге алқалық органдардың және/немесе Банктің уәкілетті тұлғаларының құзіретіне жатады;

9) Банк филиалдарының құрылымдық бөлімшелерін (космыша жайларын) ашу, не жабу, не қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайды;

10) Банктің қызметі немесе оның банктік, коммерциялық, қызметтік құпиясын немесе заңмен қорғалатын өзге құпиясын құрайтын қызметі туралы ақпарат тізімі жобасын дайындауды жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасындағы, Жарғыдағы және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарындағы талаптарға сәйкес, тәуекелдерді басқару жүйесінің, ішкі бақылаудың қалыптасуын/ұйымдастырылуын, олардың дамуын, жетілдірілуін және тиімді әрекет етуін қамтамасыз етеді;

12) провизияларды қалыптастыру және жіктеленген активтерді есептен шығару рәсімін қарастырады және бекітеді;

13) Банк Басқармасы жанындағы алқалық жұмыс органдарын құру және қысқарту туралы шешім қабылдайды, осы органдардың құрамын және олар туралы ережелерді бекітеді;

14) Банктегі және оның оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің еңбек төлемі жүйесін және талаптарын белгілеу туралы шешім қабылдайды;

15) басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызынан азын Банктің сатып алуы/шеттетуі туралы шешімді қабылдайды, сондай-ақ олардың қызмет мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;

16) басқа мәселелер бойынша шешім қабылдайды:

а) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің, басқа жоғары тұрған алқалық органдарының айрықша құзіретіне жатпайтын;

б) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарымен қарастырылған.

182. Басқарма өз өкілеттіктерінің бір бөлігін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Басқарма туралы ереженің және Банктің өзге де корпоративтік нормативтік құжаттарының талаптарын ескере отырып, Басқарма жанынан құрылған алқалық органдарға бөліп беруге және өз қызметін солар арқылы жүргізуге құқылы.

183. Басқарма өз өкілеттіктерінің бір бөлігін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Басқарма туралы ереженің және Банктің өзге де корпоративтік нормативтік құжаттарының талаптарын ескере отырып, Банктің уәкілетті тұлғаларына, Банктің уәкілетті тұлғаларының тобына бөліп беруге құқылы.

184. Басқарма Басқарма жанындағы алқалық органдарға, Банктің уәкілетті тұлғаларына, Банктің уәкілетті тұлғаларының тобына Директорлар Кеңесінде бекітілген Басқарма туралы ережеде көрсетілген өкілеттіктерді ғана бөліп беруге құқылы.

185. Басқарма Басқарма жанындағы алқалық органдарға, Банктің уәкілетті тұлғаларына, Банктің уәкілетті тұлғаларынан құралған топқа Директорлар кеңесі бекіткен, Басқарма туралы ережеде көрсетілген өкілеттіктерді ғана бөліп беруге құқылы.

186. Басқарма Басқарма жанындағы алқалық органдардың және Банктің уәкілетті тұлғаларының/уәкілетті тұлғалардан құралған топтың құзыретіне жататын мәселелерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасында, Банк Жарғысында тікелей Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

187. Банк Басқармасының отырысы күндізгі тәртіппен аптасына кемінде бір рет өтуі тиіс (жоспарлы отырыс).

188. Ерекше жағдайларда, дереу шешім қабылдау қажет болған кезде Басқарманың кез келген мүшесінің бастамасымен кезектен тыс Басқарма отырысы шақыртылуы мүмкін.

189. Басқарма отырысы телефон/бейне конференция жүргізу арқылы өтуі мүмкін. Конференц-дауыс беру күндізгі отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің алдын ала берген дауыстарымен бірге, яғни аралас дауыс беру арқылы қолданылуы мүмкін.

190. Банк Басқармасының отырысын Басқарма төрағасы шақырады және оның төрағалық етуімен өтеді, Басқарма төрағасы уақытша болмаған кезеңде, Банк Басқармасы төрағасының орнында отырған/қызметін атқарып отырған тұлғаның төрағалығымен өтеді.

191. Банк Басқармасының мүшелері Басқарма туралы ереженің, осы Жарғының және Банктің осы Жарғыға сәйкес қабылдаған құжаттарының негізінде өз міндеттерін орындайды.

192. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Банк Басқармасының басқа мүшесіне беруге болмайды.

193. Басқарма шешімдері Басқарма отырысына қатысатын Басқарма мүшелері дауысының басым көпшілігімен қабылданады. Басқарма мүшелері дауыстары тең болған жағдайда, шешуші дауыс Төрағаға беріледі. Басқарма құзіретіне жататын мәселелердің жекелеген санаты бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен Басқарманың шешімдерді қабылдауының өзге тәртібі анықталуы мүмкін (мысалы, қатысып отырған Басқарма мүшелері санының кем дегенде үштен екі дауысы).

194. Басқарма шешімі Басқарма хаттамасымен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің барлығы қол қоюы және ол жерде әр мәселе бойынша Басқарманың әр мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауысқа түскен барлық мәселелер, олар бойынша дауыс беру нәтижелері көрсетілуі тиіс.

14. Басқарма жанындағы Уәкілетті органдар

195. Банк процестерін және қызметін тиімді басқару мақсатында Басқарма жанынан мамандандырылған уәкілетті органдар – комитеттер, дирекциялар (бұдан әрі Басқарма жанындағы Комитеттер) құрылуы мүмкін, Басқарма оларға осы Жарғыда, Басқарма туралы ережеде және Банктің корпоративті нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіпте шешімдерді қабылдау үшін тиісті құқықтар мен міндеттер береді (табыстайды).

196. Басқарма жанындағы Комитеттерді құру тәртібі, олардың саны, Басқарма жанындағы комитеттердің сандық және дербес құрамы және дербес комитеттерді құру тәртібі, олардың саны, осындай комитеттер туралы ережемен белгіленеді.

197. Басқарма жанындағы Комитеттерді құру кезінде Басқарма мүдделері қақтығысын жоққа шығарады.

15. Басқарма Төрағасының өкілеттіктері

198. Банк Басқармасы басшысының функцияларын Басқарма төрағасы жүзеге асырады.

199. Банк Басқармасының төрағасы:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) Банктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында Банкті таныту құқығына сенімхаттар береді;
- 4) Банктің, оның филиалдары мен өкілдіктерінің штаттық кестесін бекітеді;
- 5) Банк қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда),

оларды марапаттау шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Банктің штаттық кестесіне сәйкес, Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын және жалақысына дербес үстеме ақы мөлшерін белгілейді, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда;

6) өзі болмаған жағдайда, өзінің міндеттерін орындауды Басқарма мүшесінің біреуіне жүктейді;

7) міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік сферасын Басқарма мүшелері, Банктің басқарушы/атқарушы директорлары арасында бөледі;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасында, Жарғыда және Банктің корпоративті нормативті құжаттарында белгіленген өкілеттіктер (лимиттер) шегінде Банк атынан мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдайды;

9) Банк Жарғысымен, Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен, Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарында анықталған өзге функцияларды (өкілеттіктерді) жүзеге асырады.

200. Басқарма Төрағасының тиісті бұйрығы негізінде, Басқарма мүшелері осындай бұйрықта көрсетілген шектеулерді ескере отырып және оларға сәйкес, Банк атынан сенімхаттарға қол қоюға уәкілетті болуы мүмкін.

16. Жүргізілуіне байланысты айрықша талаптар белгіленген Банк мәмілелері

201. Осы Жарғымен, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес және оның 73 бабының 4-тармағы негізінде жүргізілуіне мүдделілік туындаған мәмілелердің жекелеген түрлерін жасаудың өзге тәртібі анықталды. Осы бапта көрсетілген тәртіп Директорлар Кеңесі шарттардың типтік нысандарын және (немесе) осы бапта көрсетілген тәртіпті қолдану мақсаттары үшін Жарғының 205 тармағында көрсетілген мәмілелерді жасау талаптарын алдын-ала белгілеген жағдайда ғана қолданылады. Басқа жағдайларда Қазақстан Республикасы заңнамасында және Жарғының өзге ережелерінде көрсетілген тәртіп қолданылады.

202. Өзге тәртіп үлестес тұлғалармен жасалған келесі мәмілелерге қатысты қолданылуы мүмкін:

- 1) Қолма-қол шетел валютасын, сондай-ақ валюталық нарықтар мен металл нарықтарында қолма-қол ақшасыз шетел валютасын және құнды металдарды сатып алу және сату;
- 2) валюталық своп операциялары, форвардтық мәмілелер;
- 3) құжаттамалық операциялар/сауданы қаржыландыру:
 - а) үлестес тұлға (банк) шығарған аккредитивке Банк растамасын қосу;
 - б) Банк шығарған аккредитивке үлестес тұлғаның растамасын қосу;
 - в) Банк шығарған расталмаған аккредитив бойынша үлестес тұлғаға (банкке) өтемді аудару;
 - г) үлестес тұлғаның (банктің) контр-кепілдігіне/контр-аккредитивіне банктік кепілдікті/аккредитивті шығару;
 - д) Банктің контр-кепілдігіне/контр-аккредитивіне үлестес тұлғаның (банктің) кепілдікті/аккредитивті шығаруы;
 - е) аккредитив бойынша үлестес тұлғаның (банктің) міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін үшінші банктің пайдасына Банктің раббурстық міндеттемелерін шығару;
 - ж) үлестес тұлға (банк) шығарған аккредитив бойынша құжаттарды Банктің дисконттауы;
 - з) үлестес тұлғаның өкілділігі талабында үлестес тұлға (банк) клиентінің пайдасына шығарылған аккредитивке Банктің растамасын қосу;
 - и) үлестес тұлғаның өкілділігі талабында үлестес тұлға (банк) клиентінің пайдасына аккредитивті/банктік кепілдікті шығаруы;
- 4) Банкаралық депозиттер (салымдар) мен қарыздар нысанында қаржылық құралдарды алуы және ұсынуы, соның ішінде үлестес тұлғалар (банк) шығарған аккредитив аясында Банктің кейінгі қаржыландыруды жүзеге асыруы кезінде;
- 5) ұйымдастырылған нарықта облигацияларды сатып алу-сату;
- 6) банктік шоттарды ашу, жүргізу, жабу, төлем карточкаларын шығару және қызмет көрсету;

7) банктік шотты ашпай, төлемдер мен аударымдар бойынша (ақша аударымы шарты).

203. Директорлар кеңесі осы Жарғының 202-тармағында аталған шарттардың типтік нысандарын және (немесе) талаптарын (жылына кемінде бір рет қайта қарастырылатын), соның ішінде жасалуына мүдделілік танытылатын мәмілені жасайтын шекті сомаларды алдын-ала бекітуге құқылы. Әрі қарай Директорлар кеңесі жасалуына мүдделілік танытылатын мәмілелерді жасаған күннен кейінгі күні, бірақ та оны жасағаннан кейін екі айдан кешіктірмей, таяу отырыста, Директорлар кеңесімен бұрын бекітілген мәмілені және (немесе) шарттың типтік нысанын жасау шегінде жасалуына мүдделілік танытылатын мәмілелерді ратификациялайды.

204. Жасалуына мүдделілік туындаған мәмілені Банктің жасауы туралы шешім оны жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелері дауыстарының қарапайым басымдығымен қабылданады.

17. Банктің ақпаратты ашуы

205. Банк өзінің акционерлері мен инвесторларына төмендегі корпоративтік оқиғалар жөніндегі ақпаратты мәліметтерді жеткізуге міндетті:

1) Акционерлердің жалпы жиналысымен және Директорлар кеңесімен мәселелер тізімі бойынша қабылданған шешімдерді, олар туралы ақпарат Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарына сәйкес, акционерлердің және инвесторлардың қаперіне жеткізілуі тиіс;

2) Банктің акцияларды және басқа бағалы қағаздарды шығаруы, банктік қызмет мәселелері бойынша бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын өтеуі нәтижелері жөніндегі есептерді бекітуі, банктік қызмет мәселелері бойынша бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын жоюы;

3) Банктің ірі мәмілелерді және жүзеге асырылуына Банк мүдделі болатын мәмілелерді жүзеге асыруы;

4) Банктің меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан көп пайызын құрайтын мөлшердегі қарызды Банктің алуы;

5) қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыру туралы лицензияны Банктің алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруына қатысты бұрын алған лицензияны Банктің қолдануын тоқтата тұру немесе жою;

6) Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;

7) Банк мүлігіне тыйым салу;

8) баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Банк мүлігінің жойылуына алып келген төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;

9) Банкті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) осы Жарғының 208-тармағында көрсетілген корпоративтік дау бойынша істі сотта қозғау;

11) Банкті мәжбүрлі қайта құру туралы шешімдер;

12) Банк активтерінің 5 (бес) немесе одан көп пайыздарын құрайтын сомаға Банк мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

13) Банк жарғысына, сондай-ақ Банктің бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес, Банк акционерлері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын өзге оқиғалар.

206. Осы Жарғының 205-тармағында көрсетілген ақпарат «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде және/немесе Банктің <http://www.atfbank.kz> корпоративті сайтында, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында және өзге интернет-ресурстарда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарына сәйкес, заңнамада белгіленген мерзімдерде жарияланады. Қосымша түрде Банк өз қалауы бойынша ақпаратты өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

207. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасында ақпаратты жариялау (акционерлер қаперіне жеткізу) мерзімдері қарастырылмаса, мұндай ақпарат оның туындауы күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлер қаперіне жеткізіледі).

208. Корпоративті дау туралы істі сотта қозғау туралы ақпарат корпоративті дау бойынша азаматтық іс туралы тиісті сот хабарламасын (шақыртуын) Банк алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде акционерлерге ұсынылуы тиіс.

209. Банк қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын акпаратты иеленетін Банк қызметкерлері тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

210. Акционердің талабы бойынша Банк банктік құпияны құрайтын акпаратты (құжаттарды) қоспағанда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында қарастырылған құжаттардың көшірмелерін осы Жарғының 215-тармағында анықталған тәртіпте, осы Жарғының 216-тармағында көрсетілген қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалған өзге құпияны құрайтын акпаратты ұсыну бойынша шектеулерді ескере отырып, оған ұсынуға міндетті.

211. Құжаттардың көшірмелерін ұсыну үшін төлем мөлшері Банк Басқармасымен белгіленеді және құжаттар көшірмесін дайындауға және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығындар төлеміне, сондай-ақ Банктің сұратылған көшірмелерді ұсынуы мақсатында тартылған басқа тұлғалардың қызметтеріне төлем жасауға арналған шығындардың нақты құнынан аса алмайды.

212. Банктік құпияны құрайтын акпараттан (құжаттан) басқа, қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын акпараты бар Банктің бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналымға шығарудың және айырбастаудың жекелеген сұрақтарын реттемелейтін құжаттар акционердің талап етуі бойынша акционердің танысуына ұсынылуы тиіс.

213. Осы Жарғының 210-тармағында көрсетілген, Банктің коммерциялық немесе өзге құпиялы акпаратын құрамайтын құжаттарды алу үшін акционер Банктің Басқарма Төрағасының атына көшірмесі (үзінді көшірмесі) сұратылатын құжаттың атауын және жасалу күнін, сондай-ақ жөнелтілетін мекенжайын көрсете отырып, жазбаша сұрау жібереді.

214. Егер басқа жағдай Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленбесе, өтініш 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қарастырылуы тиіс. Көрсетілген мерзім аяқталған соң, Банк өтініш иесін берілген өтінішті қарастыру нәтижелері жөнінде жазбаша хабардар етуге міндетті. Акционердің жазбаша талабы бойынша Банк осындай талапты алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жарғының, оның өзгертулері мен толықтыруларының көшірмелерін оған ұсынады (тапсырыс хатпен жібереді).

215. Банктік құпияны құрайтын акпараттан (құжаттан) басқа, қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын акпаратты алу үшін Банк акционері:

1) Банктің Басқарма төрағасының атына көшірмесі (үзінді көшірмесі) сұратылатын құжаттың атауын және күнін, сондай-ақ жөнелтілетін мекенжайын көрсете отырып, жазбаша сұрау жіберуі тиіс. Егер басқа жағдай Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленбесе, өтініш 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қарастырылуы тиіс. Көрсетілген мерзім аяқталған соң, Банк өтініш иесін берілген өтінішті қарастыру нәтижелері жөнінде жазбаша хабардар етуге міндетті;

2) Құжаттардың көшірмелерін (үзінді көшірмелерін) дайындау және оларды акционерге жөнелту немесе жеткізу шығындарының құнын төлеуі тиіс;

3) Осындай акпараттың құпиялылығын және кез келген коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге құпияны қамтамасыз ету туралы міндеттемеге қол қоюы тиіс.

216. Банктің Басқарма төрағасы сұратылатын акпаратты ұсыну мүмкіндігіне, сондай-ақ ұсынылатын құжаттардың түріне (оның көшірмесі, құжаттан алынған куәландырылған үзінді көшірме және т.б.) және сұратылатын акпараттың ұсынылу нысанына қатысты сұрауды қарастырады. Басқарма Төрағасы сұратылатын акпаратты ұсыну туралы шешімді қабылдаған жағдайда, акционерге тиісті құрылымдық бөлімше құжаттарымен ықтимал танысудың уақыты мен орнын (орны Банк жайлары шегінде орналасуы тиіс және шешімде көрсетілуі тиіс) немесе құжаттардың көшірмелерін (олардың расталған үзінді көшірмелері және т.б.) дайындауға және оларды акционерге жөнелтуге немесе жеткізуге кететін шығындар сомасын, сондай-ақ акционердің көрсетілген шығындар құнын төлеуі тиіс деректемелерді хабарлайды.

217. Пошталық шығындар мен құжаттардың көшірмелерін дайындау бойынша Банк шығындарын төлеуге арналған ақшаны алған және Коммерциялық және қызметтік құпияны жарияламау туралы міндеттемеге акционер қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банк сұратылатын құжаттардың көшірмелерін (олардың расталған үзінді көшірмелерін) тапсырыс хатпен жібереді немесе акционердің жеке өзіне жеткізеді.

218. Жоғарыда көрсетілген міндеттемеге акционер қол қоймаған жағдайда, қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, сұратылатын акпараттар (құжаттар) ұсынылмайды.

219. Банктің Басқарма төрағасы акционерге ол сұратқан ақпаратты ұсынадан бас тарту шешімін қабылдаған жағдайда, Банктің тиісті құрылымдық бөлімшесі акционерге бас тарту себептері мен уәждері баяндалған хабарламаны жібереді.

220. Банк құпиялы ақпаратқа, қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерге қол жеткізе алатын Банк қызметкерлерінің тізімінің міндетті жүргізілуін қамтамасыз етеді.

18. Банктің акционерлері мен лауазымдық тұлғаларға үлестес тұлғалар туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

221. Банктің үлестес тұлғалары туралы ақпарат қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

222. Банк үлестес тұлғалар берген мәліметтер негізінде өзінің үлестес тұлғаларының есебін жүргізеді.

223. Банктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестілік туындаған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Банкке өзінің және өзінің үлестес тұлғалары жөніндегі мәліметтерді ұсынуға міндетті.

224. Банктің үлестес тұлғасы болып табылатын заңды тұлға жөніндегі мәліметтерге келесі ақпарат кіруі тиіс:

- 1) Заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы;
- 2) Заңды тұлғаның нақты орналасқан мекенжайы (пошталық мекенжайы);
- 3) Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу куәлігінің тіркеу нөмірі және күні;
- 4) Банкпен үлестілігінің туындау күні және негіздемесі;
- 5) заңды тұлғаның үлестес тұлғаларының тізімі.

225. Банктің үлестес тұлғасы болып табылатын жеке тұлға жөніндегі мәліметтерге келесі ақпарат кіруі тиіс:

- 1) Жеке тұлғаның Т.А.Ә.;
- 2) Жеке тұлғаның туылған жері және туылған күні;
- 3) Банкпен үлестілігінің туындау күні және негіздемесі;
- 4) жеке тұлғаның үлестес тұлғаларының тізімі.

226. Бұрын ұсынылған ақпарат өзгертілген (толықтырылған) жағдайда, Банктің үлестес тұлғалары олар туындаған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде өзгертулер (толықтырулар) жөнінде Банкті хабардар етуге міндетті.

19. Банкті қайта ұйымдастыру және тарату

227. Банкті қайта ұйымдастыру (біріктірілуі, қосылуы, бірігуі, бөлінуі, бөлініп шығуы, түрленуі) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

228. Банк төмендегі жағдайларда таратылуы мүмкін:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің рұқсаты болған жағдайда, оның акционерлерінің шешімі бойынша (ерікті тарату);
- 2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған жағдайларда сот шешімі бойынша (мәжбүрлі тарату).

229. Банк қызметінің тоқтатылуы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

230. Мәжбүрлі таратылатын Банк кредиторларының, соның ішінде оның банкроттығына байланысты талаптарын қанағаттандыру Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

231. Таратылатын Банктің кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлкі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте акционерлер арасында бөлінеді.

20. Қорытынды ережелер

232. Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, олардың шешімдері және Банктің аталған органдарының карауына ұсынылатын құжаттар, соның ішінде күн тәртібі мен аталған органдарды шақырту немесе отырысы туралы хабарламалар мемлекеттік (қазақ) немесе ресми (орыс) тілінде, қажетті жағдайда – ағылшын тіліне аудармасымен жасалады. Құжаттың ағылшын тіліндегі нұсқасы және ресми немесе мемлекеттік тілдегі нұсқа арасындағы кез келген сәйкессіздіктер болған жағдайда, ресми немесе мемлекеттік тілдегі мәтінге басымдық беріледі.

233. Осы Жарғы ресми және мемлекеттік тілдерде жасалды. Осы нұсқалары арасында кез келген сәйкессіздік орын алған жағдайда, Жарғының ресми тілдегі мәтіні негізге алынады. Осы жағдайда Банк осындай сәйкессіздіктерді жою үшін шұғыл шара қабылдауы тиіс.

234. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда, Банк Қазақстан Республикасының заң актілерін басшылыққа алады.

